

ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНДАҒЫ DIAMOND ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ ЖОБАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ 2025 ЖЫЛҒЫ 19 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ МӘЛІМЕТ

Өскемен қаласы, 19-шы тұрғын аудан, Ю. Увалиев пен Көкжал Барак көшелерінің қиылысында жобаланған коммерциялық орынжайлары бар көпқабатты тұрғын үй құрылысына қатысты азаматтардың алаңдаушылығын ескере отырып, құрылыс жұмыстарының аяқталуына кепілдік берген Бірыңғай оператор – «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ бұл жобаның іске асырылу хронологиясына қатысты түсініктеме беруді қажет деп санайды.

Біз үлескерлердің алаңдаушылығына түсіністікпен қарап, орын алған жағдай үшін кешірім сұраймыз

Жобаның жүзеге асырылу барысы

- Бірыңғай оператор («ҚТК» АҚ) Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Заңына сәйкес 2022 жылғы 27 тамызда «ВВД-Құрылыс» ЖШС және «Sparkle Diamond» ЖШС-мен жоғарыда аталған объекті құрылысын аяқтауға кепілдік беру туралы шарт жасасқан. Онда құрылысты бір рет ғана 3 айға ұзарту мүмкіндігімен, объектіні пайдалануға беру мерзімі 2024 жылғы 10 тамыздан кешіктірілмейді деп белгіленген.

- 2024 жылғы 28 тамызда объект белгіленген мерзімде дайын болмауына байланысты «ҚТК» АҚ кепілдік жағдай орын алғанын жариялап, объект құрылысын аяқтау мақсатында «Sparkle Diamond» ЖШС-нің **сенімгерлік басқарушысы ретіндегі өкілеттілікті өзіне алды.**

- Құрылысты қауіпсіз әрі сапалы аяқтау мақсатында келесі жұмыстар жүргізілді: ғимаратқа техникалық тексеру, қаржылық аудит, сыртқы инженерлік желілерге қатысты қосымша бөлімдер әзірлеу қажеттілігі мен қабаттылықтың өзгеруі ескеріліп, жобалық-сметалық құжаттамаға (ЖСҚ) түзетулер енгізу басталды.

- ЖСҚ-ны түзету процесі бастапқыда құрылыс салушы тарапынан бұзылған техникалық шарттарды қайта келісу қажеттігі, жергілікті атқарушы органдармен қосымша келісімдер жүргізу, сондай-ақ жаңартылған эскиздік жоба бойынша сәулет-жоспарлау тапсырмасын (СЖТ) беруден әкімдіктің бас тартуы сияқты себептерге байланысты созылып кетті. ШҚО әкімдігі 2025 жылғы 3 ақпанда эскиздік жобаны келісуден және паркінгі бар объект құрылысына СЖТ беруден бас тартты. Себебі, 19-шы тұрғын ауданның егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына (ЕЖЖ) сәйкес объект 6 қабатты, 4 секциялы, паркинг қарастырылмаған тұрғын үй ретінде жобаланған (ал 2022 жылы паркінгі бар ЖСҚ ШҚО әкімдігімен келісілген болатын). Бұл проблеманы шешу ұзақ келіссөздер жүргізуді талап етті. Эскиздік жобаны келісу және жаңа СЖТ алу процесі 2025 жылғы маусымға дейін созылды.

- 2025 жылғы шілде айында жоба кешенді ведомстводан тыс сараптамаға жіберілді. Мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама барысында

тұрақ орындарын орналастыру мен коммерциялық орынжайларды жарықтандыруға қатысты ескертулер орын алды. Осыған байланысты ҚТК ескертулер ескерілген жобаны қайта қарастыруды дайындау үстінде.

Алдағы шаралар

- Қазіргі уақытта техникалық ескертулер пысықталуда. Олар **2025 жылғы 26 қыркүйекке** дейін жойылып, жоба Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға толық сәйкес іске асырылуы үшін кешенді ведомстводан тыс сараптамаға қайта жолданатын болады.

- Біз **келісімдер мен сараптама мерзімін мүмкіндігінше қысқарту мақсатында** ШҚО әкімдігі және уәкілетті органдармен тығыз ынтымақтастықты жұмыс істеудеміз.

- Компания аталған объектінің барлық үлескерімен ашық байланыс орнатуда. Үлестік құрылысқа қатысушылар жұмыс процестері туралы толық ақпаратты тікелей ҚТК-ның жауапты қызметкерлерінен кездесу барысында алады, онда бүгінгі күнгі жағдай мен құрылысты аяқтау жоспарлары айтылады.

«ҚТК» АҚ үлескерлер алдындағы жауапкершілікті терең түсінеді және өзіне алған міндеттемелерді орындауға ерекше мүдделі екенін жеткізеді.

Компания қазіргі кідірістерге қарамастан, объектінің толық аяқталып, пайдалануға берілетініне кепілдік береді. Біз бұл объекті үлескерлер үшін маңызды екенін жақсы түсінеміз, өйткені олар бізге ең қымбат – өздерінің болашақ тұрғын үйін сеніп тапсырды.

Сабырлық пен сенім үшін алғыс білдіріп, әрі қарай да өзекті ақпаратпен бөлісіп отырамыз деген сенімдеміз.

*Анықтамалық мәлімет: **Жоба атауы:** «Өскемен қаласы, 19-шы тұрғын аудан, Ю. Увалиев пен Көкжал Барақ көшелерінің қиылысында жобаланған коммерциялық үй-жайлары бар көпқабатты тұрғын үй құрылысы» Аяқталмаған құрылыс.*

***Құрылыс салушы** – «ВВД-Құрылыс» ЖШС*

***Уәкілетті компания** – «Sparkle Diamond» ЖШС*

***Инжиниринг компаниясы** – «Алатау Сапа Құрылыс» ЖШС*

***Пәтерлер саны** – 93 бірлік*

***Нысанның жалпы ауданы** – 10 948,36 ш.м.*